

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 ақпандағы N 91 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 8 маусымдағы N 524

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен негізгі тапсырысшы - Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының объектілері бойынша күрделі салымдарды қаржыландыру көлемдерін жедел басқарудың қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"1998 жылы Ақмола қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілерінің құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 ақпандағы N 91 P980091_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына 1998 жылдың ішінде ол тапсырысшы болатын, Астана қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілерінің тізбесіне кіргізілген, республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің арасында қаржыландырудың көлемдерін олардың құрылысты қаржыландыруының жалпы жылдық көлемінің шегінде қайта бөлуге рұқсат етілсін".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі